

ӘОЖ 314.68

АУЫЛ ҮЙ ҚОЖАЛЫҚТАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ СТРАТЕГИЯСЫ

Алдияров Мадияр Махмуджанұлы

aldiyarovmadiyar@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, әлеуметтану кафедрасының магистранты
Ғылыми жетекші – Смағамбет Б.Ж., ә.ғ.к., доцент, әлеуметтану кафедрасының
профессоры

Қазақстанның нарықтық шаруашылыққа ауысуы, нарықтық мақсатқа негізделген әлеуметтік-экономикалық реформалардың жүзеге асырылуы маңызды әлеуметтік институттардың, оның ішінде отбасы, үй қожалығы, еңбек қатынастары мен экономикалық ғадеттердің трансформациялануына алып келді.

Заманауи нарықтық экономика өз алдына макро және микро жүйелердің, әртүрлі экономикалық субъектілердің және дамыған капиталистік нарықтың болуын көрсетеді. Нарықтық экономиканың кез келген экономикалық субъектілері – нақты экономикалық және әлеуметтік элементтердің жиынтығынан құралған күрделі әлеуметтік агенттер. Осындай экономикалық субъектілердің бірі – «үй қожалығы».

Үй қожалығының табиғаты туралы алғашқы теориялық пайымдауларды экономистер жасады, ал кейінірек оларға әлеуметтанушылар да қосылды. Алайда, осы күнге дейін шетелдік, сондай-ақ отандық экономикалық және әлеуметтанулық ойда үй қожалығын анықтауға бағытталған нақты ортақ көзқарас қалыптаспаған, бұл үй қожалығының экономикалық және әлеуметтік қырларының күрделі екендігімен байланысты.

Үй қожалығына анықтама бергенде қоғамдағы нақты әлеуметтік-мәдени ерекшеліктер мен қалыптасқан нарықтық қатынастарды ескеру қажет. Мысалы, осындай анықтамалардың бірінде үй қожалығы – экономиканы ресурстармен қамтамасыз ететін және үй қожалығы мүшелерінің материалдық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған бірнеше адамдардың тығыз байланыста атқаратын әлеуметтік-экономикалық ғадетінің жиынтығы [1-65]. Келесі анықтама бойынша үй қожалығы үш негізгі саланы: нарықтық экономика, үй қожалығындағы өндіріс және тұтынуды біріктіретін, отбасы мүшелерінің арасындағы экономикалық қарым-қатынастардың жиынтығын көрсетеді [2]

Үй қожалығы шеңберінде индивидтердің өмір сүруінің барлық әлеуметтік ресурстары, олардың әртүрлі мәселелерді шешуде өзара көмегі жандандырылады. Үй қожалығының негізгі міндеті - үй қожалығы мүшелерінің өмірінің материалдық және әлеуметтік жағдайларын қамтамасыз ету [3-198]. Әрине, үй қожалығы мүшелерінің экономикалық ғадеті елдегі, өңірдегі нақты экономикалық жағдайларға, әлеуметтік-мәдени кеңістіктің ерекшелігі мен үй қожалығы мүшелерінің әлеуметтік портретімен тікелей байланысты.

Үй қожалығы әлеуметтік институт ретінде әртүрлі әлеуметтік тәжірибелердің, құндылықтар мен ұстанымдардың, ұрпақаралық сабақтастықтың сақталуына кепіл ретінде рөл ойнайды. Әлеуметтік-экономикалық ресурстарды рационалды пайдалану осы міндеттерді тиімді жүзеге асыруда маңызды. Отбасының экономикалық алаңда іс-әрекет етуі – үй қожалығы деп аталады. Үй қожалығының әлеуметтік-экономикалық стратегиясы отбасының күнкөрісіне бағытталған әлеуметтік ғадеттер, ұстанымдар мен құндылықтар, өмір сүру салтының ерекшеліктеріне байланысты.

Зерттеу мәселесінің өзектілігі ауылдағы үй қожалықтарының нақты әлеуметтік-экономикалық бейнесінің зерттелу дәрежесінің төмендігімен де айқындалады, сондықтан бұл жұмыс нарықтық қатынастардың дамуы мен урбанизация үрдісі аясында ауыл үй қожалығы экономикалық әрекетінің тәсілдері мен құралдарының өзгеруі нәтижесінде жаңа әлеуметтік-экономикалық тәжірибелердің қалыптасуы мен ауыл шаруашылығы саласының экономикалық трансформациялануының ықпалын анықтауға бағытталды. Әлеуметтік-экономикалық тәжірибелер деп ауыл үй қожалығының экономикалық әрекетін анықтайтын тәжірибелер жиынтығын қарастырамыз. Бұл тәжірибелер жиынтығына экономикалық әрекеттің ұдайы өндіріліп отыруын қамтамасыз ететін сандық және сапалық факторлар, оның ішінде табыс және шығын деңгейі, кәсіп, шаруашылық әрекет типі, еңбек ресурстары, адами капитал, климат және т.б. кіреді [4-82].

Қазақстандағы үй қожалықтары туралы жалпы статистикалық ақпарат 2009 жылы жүргізілген «Халық санағы 2009» статистикалық жинағында көрсетілген (1-кесте). Мәліметтерге сәйкес 2009 жылы Қазақстанда 1 млн 678992 ауыл үй қожалығы болған. Соның ішінде Ақмола облысында 1999 жылмен салыстырғанда 2009 жылы ауыл үй қожалықтарының саны 121 017-ден 114 505-ке дейін төмендеген, ал Оңтүстік Қазақстан облысында бұл көрсеткіш 2009 жылы 1999 жылмен салыстырғанда 207 001-ден 263 578-ге дейін өскен [5-24].

1-кесте. «Халық санағы – 2009» жинағының мәліметтері

	Жалпы	1-3 адам	4-7 адам	8 және одан көп
1999 ж.				
Ақмола облысы	121017	38174	58825	3158
Түркістан облысы	207001	17708	137453	37840
2009 ж.				
Ақмола облысы	114505	62891	49040	2574
Түркістан облысы	265578	45265	171344	47669

Үй қожалықтарының әлеуметтік-экономикалық стратегиясын зерттеуге елеулі үлес қосқандардың қатарында неоклассикалық бағыттың өкілдері бар. Олардың пайымдауынша, үй қожалығы мүшелерінің экономикалық ғадеті отбасының негізгі қажеттіліктері мен мүшелерінің әл-ауқатын жақсартуға бағытталған. Сонымен қатар, отбасы қожалық субъектісі ретінде біршама классикалық әлеуметтану өкілдерінің жұмыстарында да зерттелді. Мысалы, М.Вебер аграрлық шаруашылық әрекетті әлеуметтік іс-әрекеттің дәстүрлі типіне жатқызды. М.Вебер бойынша, үй қожалықтарының экономикалық іс-әрекеті - экономикалық мақсаттарға қол жеткізу үшін әлеуметтік әрекеттердің жиынтығын білдіреді. Бұл теорияның маңызды аспектілері «ұғыну» және «ассоциативтілік» болып табылады. Әлеуметтік агент өз іс-әрекеттерін ұғынуға ғана емес, өз әрекеттерін басқа әлеуметтік агенттермен сәйкестендіруге ұмтылады. Сондықтан үй қожалығының экономикалық іс-әрекеті қалыптасқан әлеуметтік тәртіпті ескеретін әлеуметтік іс-әрекеттер жиынтығы ретінде

қарастырылады, оларға нақты экономикалық нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған әлеуметтік әрекеттердің жиынтығы кіреді [6-15].

Ауыл үй қожалықтарының қала үй қожалықтарынан айырмашылығы – ерекше өмір салтын жүргізумен байланысты. Мысалы, ауыл үй қожалықтарына жеке қосалқы қожалықтың болуы тән. Жеке қосалқы шаруашылық ауылдық жерлерде адамдардың өмір сүру салтында ерекше рөлді атқарады, себебі қожалықтың бұл түрі тек негізгі қажеттіліктерді қанағаттандыруға ғана емес, сонымен бірге үй қожалығына тауар алмасу арқылы нарықтық қатынастарға қатысуға мүмкіндік туғызып отыр [7-36].

2010 жылы Ресейде жүргізілген әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері бойынша әлеуметтік-экономикалық стратегияның үш типі анықталды. Бірінші тип – әлеуметтік-экономикалық жағдайы төмен үй қожалықтарына тән «тәуелділік» стратегия, екінші тип – қаржылық табыстың тұрақты көзін қамтамасыз ететін кәсіби мүшелері бар үй қожалығына тән өмір сүрудің «белсенді» стратегиясы, үшінші тип – «рантье» стратегиясын ұстанатын «элиталық» үй қожалықтары. Үй қожалықтарының бұл типі үшін табыс көздеріне жоғары жалақы, жылжымалы мүлікті жалға беру және дивиденд салымдарынан түсетін қаржы табыстары кіреді [8-52].

Жоғарыда көрсетілген мәліметтерді саралайтын болсақ, қалалық және ауылдық үй қожалықтары үшін әлеуметтік-экономикалық стратегияны жүзеге асырудың қазіргі белгілері қаржылық табыс көзі, сондай-ақ ауыл үй қожалықтары үшін тұрақты, қосалқы шаруашылықтың болуымен анықталады. Егер қаржылық ғадеттің қалыптасу процесі нарықтық қатынастар жүйесіне тән болса, онда қосалқы шаруашылықтың болуы қожалықты жүргізудің дәстүрлі үлгісіне кіреді.

Сипатталған әлеуметтік-экономикалық стратегиялардың қандай түрлері қазақстандық ауыл үй қожалықтарына тән деген сұрақ туындайды. Шын мәнінде, нарықтық экономикаға өту кезеңі қазақстандық ауыл үй қожалықтарының өмір сүрудің жаңа стратегияларын қалыптастыруға итермеледі.

Қазіргі кезге дейін орын алып жатқан кері миграция, яғни ауылдық жерлерде тұрғындар санының азаюы және үй қожалықтарының тұтынушылық ғадетіне әсерін тигізіп отырған елдің ішкі нарығының толық деңгейде дамымағандығын ескеру қажет, бірақ жалпы алғанда үй қожалықтарының күнделікті өміріндегі әртүрлі әлеуметтік-экономикалық мәселелерді байқауға болады.

Біріншіден, ауыл үй қожалықтарының әлеуметтік-экономикалық стратегиясын тиімді түрде жүзеге асыруы ауылдық жерлерде тұрақты технологиялық укладтың жоқтығымен күрделенеді. Себебі ауыл үй қожалықтары мен ауылдық кеңістіктердегі қауымдастықтардың экономикалық тұрақтылығы көп жағдайда технологиялық укладтың болуымен тікелей байланысты [9-214]. Бұл фактор Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенінде қажетті деңгейде институттық тетіктердің дамуының тежеліп қалуымен байланысты. Аталған мәселені неoinституционализм бағыты тұрғысынан интерпретациялауға болады, себебі экономикалық даму мен тұрақтылық институттық тәртіптерге трансформацияланатын экономикалық қатынастардың ұдайы өндірілуіне байланысты. Д.Норт бойынша, тұрақты институттық тәртіптердің қалыптасуында мемлекеттің рөлі ерекше, тіпті бұл жағдайда да мемлекеттің бұл мәселені шешудегі рөлі жеткіліксіз екендігін байқауға болады [10-46]. Мысалы, «Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың 2017-2021 ж. мемлекеттік бағдарламасында» ауылды дамытуда ауыл үй қожалықтарының толық мәні мен рөлі ескерілмейді.

Екіншіден, ауыл үй қожалықтары үшін шаруашылықты жүзеге асырудың тағы бір тиімді жолы – бұл әлеуметтік-экономикалық игіліктерді алмасуға, бөлуге қажетті ауылдық қауымдастықтардың, топтардың арасындағы тұрақты бейресми әлеуметтік байланыстардың болуы маңызды. Бұл ауыл отбасыларының әлеуметтік капиталының нақты бейресми желілердің негізінде жиналатын ресурс ретінде және белгілі бір нақты экономикалық капиталға айналатын ресурс ретінде қарастыруға болады [11-143]. Алайда, бүгінгі нарықтық қатынастарға бағытталған даму және урбанизация үрдістері ауылдық кеңістіктерде тұрақты

әлеуметтік желілердің қарқындылығының төмендеуіне алып келді. Бұл жағдайда ауылдық жерлерде халық санының, атап айтқанда, еңбекке жарамды халық санының азаюы мен ауылдық қауымдастықтардың санының төмендеуімен дәлелдеуге болады. Осы ауыл үй қожалықтары үшін әлеуметтік-экономикалық стратегияны тиімді жүзеге асыруда әр түрлі қиындықтарды тудырып отыр. Мысалы, ауылдағы әрбір отбасы белгілі бір қожалықтарды жүзеге асыруы мүмкін. Бұл бір отбасыларда ірі мал шаруашылығының болуымен, басқа отбасыда шағын мал шаруашылығы немесе бақша шаруашылығының болуымен ерекшеленеді. Бұл жерде ауыл қауымдастығының маңыздылығы – әртүрлі қожалықпен айналысушы отбасылар белгілі бір қожалық іс-әрекетті жүзеге асыру мақсатында бірін-бірімен нақты еңбек құралдарымен немесе басқа да әлеуметтік-экономикалық игіліктермен бейресми түрде алмасу әрекетін жүзеге асырады. Бұл көршілік, таныстық қарым-қатынасты айқындайтын бейресми желілердің болуының өзі ауыл қауымдастығы мүшелерінің арасындағы тұрақты әлеуметтік байланыстың болуын көрсетеді. Осы әлеуметтік феномен экономикалық әлеуметтанудағы желілік бағыттың өкілдерімен зерттелінді. Атап айтқанда, Грановеттер өзінің горизонталды желілер концепциясында осындай қауымдастықтардың пайда болуы нақты экономикалық қатынастардың қалыптасуы мен дамуына итермелейтіндігін атап көрсетті [12-49].

Үшіншіден, ауыл үй қожалықтарының әлеуметтік-экономикалық ғадетінің тиімді жүзеге асырылуы адами капиталдың сапасы мен көлеміне де тікелей байланысты. Қазіргі кезде ауылдық кеңістікте адами капиталдың дамуын тежеп тұрушы екі факторды атауға болады: 1) ауылдық жерлерде адами капиталды қалыптастыруға, оны дамытуға қажетті институттық тетіктердің жоқтығы және сапасының төмендігі; 2) ауылдық жерде адами капиталдың әлеуетін жүзеге асыруға қажетті салалардың жоқтығы және сапасының төмендігі. Нәтижесінде бұл ауылдық кеңістікте кері миграция үрдісінің қарқынды жүруіне ықпалын тигізіп отыр. Үй қожалығындағы адами капиталдың рөлі туралы алғашқы теориялық ойлардың бірін Г.Бэккер жасады. Г.Бэккер бойынша, рационалды ғадет адами капиталға тура пропорционалды, ал рационалды ғадет үй қожалығының әлеуметтік-экономикалық ғадетін жүзеге асыруда үлкен рөлді атқарады. «Адами капитал – бұл отбасыға инвестиция жасау» деген Бэккер рационалды ғадетті отбасыны жоспарлау, отбасындағы балалардың санын жоспарлауда, қаржыны ұйымдастыруда маңызды деп санады [13-5].

Жоғарыда көрсетілген мәселелерге сәйкес ауыл үй қожалықтарының әлеуметтік-экономикалық стратегиясының типі әртүрлі әлеуметтік-экономикалық параметрлерге байланысты екендігін байқадық. Тұрақты табыс көзі мен өндіріс құралдарына қатысты жеке-меншіктің болуы әлеуметтік-экономикалық стратегияны жүзеге асырудың негізгі параметрлері, ал әлеуметтік әл-ауқаты төмен отбасылар үшін тұрақты туыстық-әлеуметтік байланыс пен мемлекеттік жәрдемақылар – қаржыны табудың негізгі қайнаркөздері болып табылады. Сондай-ақ отбасы үшін оның натуралды қожалықты жүзеге асыруда және кейбір жағдайларда нарықтық қатынастарға түсуге мүмкіндік беретін қосалқы қожалықтың болуы да үлкен рөлді атқарады.

Дегенмен, экономиканың нарықтық трансформациялануы, агроөнеркәсіптік кешенде институттық тетіктердің дамуының төмен деңгейі және урбанизация үрдісі ауыл үй қожалықтарының әлеуметтік-экономикалық стратегиясының өзгеруіне, сонымен қатар өмір сүру стратегиясын жүзеге асыруда кейбір қиындықтардың туындауына әсерін тигізіп отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Радаев В.В. Человек в домашнем хозяйстве // Социологические исследования. – 1997. – №4. – 64-75 Б.
2. Household Work Strategy» [Dictionary definition of household work strategy | Encyclopedia.com: FREE online dictionary](http://Encyclopedia.com: FREE online dictionary)"
3. Иванова Н.А. Теоретические подходы к исследованию домохозяйства как экономического субъекта // Вестник Оренбургского университета. – 2011. - №13, 132 т. – 197-201 Б.

4. Попов М.В. Сущность и функции домашних хозяйств в современной отечественной экономике – Известия Волгоградского государственного педагогического университета, 2013. – Т. 3(78). – 81-84 Б.
5. 2009 ж. Халық санағының қорытындылары, «Қазақстан Республикасының үй қожалықтары // Астана, 2011. – 2т. – 397 Б.
6. Вебер М. Хозяйство и общество: очерки понимающей социологии – Журнал «Экономическая социология», 2016. – Т. 17. №15. – 13-19 Б.
7. Блинова Т.В., Кутенков Р.П., Рубцова В.Н. Социальная устойчивость сельского сообщества // Социологические исследования. – 1999. - №8. – 35-38 Б.
8. Филимонова М.А. Социально-экономические стратегии выживания домохозяйств города Саратова в кризисный период // Известия Саратовского университета. Новая серия. Серия социология. Политология. – 2010. – Т2(10). – 51-52 Б.
9. Пациорковский В.В., Пациорковская В.В. Домохозяйства – движущая сила сельского развития // Аграрная политика и стратегия развития сельских территорий: опыт стран ЕС, США, Канады и его применение в российских регионах // Никоновские чтения. – 2011. - №16-4,2. – 213-214 Б.
10. North C.D. Institutions, Institutional change and Economic performance // Cambridge University Press, 1990. – 152 Б.
11. Зинатуллина Г.Ф. Конвертация социального капитала сельской семьи региона // Регионология. – 2015. - №90. – 134-143 Б.
12. Радаев В.В. Рынок как переплетение социальных сетей // Российский журнал менеджмента. – 2008. - №2. – 42-54 Б.
13. Gary S.Becker, 1988. “Family Economics and Macro Behavior”, American Economic Review, 78(1), p 1-13